

# ТУУ

ТЕТИНІҢ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ІАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

октябрь Сенбі

жеке саны 20 тыйын.  
Шығуына 33 жыл

Бесжылдық жоспарда қойылған міндеттер партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ, комсомол ұйымдарына зор талаптар қояды және оларға еңбекшілердің қалың бұқарасын жаңа бесжылдық жоспарды орындауға және асыра орындауға жұмылдыруды, біздің ұйымдарымыздың жұмысындағы кемшіліктерді тезінен жою мақсатымен, бұл кемшіліктерді кеңінен сынауды ұйымдастырып отыруды міндеттейді.

(Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951-1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларынан).

## Съезд қарарларына және Сталин жолдастың тарихи сөзіне қажырлы еңбек етумен жауап берейік!

### ЕҢБЕК ИГІЛІГІ

### Қуаныш үстінде

ы  
у  
ың өзі агро- зоо- бақтың уақыты- масының толық қты. Аудан кол- зоотехникалық аммасын толық қ және зоотех- раммасы меңге-

ауданының кол- жылында көп і. Мұнда оқу зоотехникалық олхозшының 21 қатысты.

е Приешім ауд- оқуды ұйымдас- емшіліктерді бы- Турасын айту басшылары аг- уды ойдағыдай аруашылығы ма- ресін үздіксіз арт- рмей, оны кенже

ылары жаңа оқу іліксіз жүргізді. іган аудандардың агро- зоотехника- бүгінге дейін р мен совхоздар- курстарға тың- ғатпағысыз. Сол өткізүші агроном-

Бүзгі салқын түндердің бірі. Өткен түндегідей дауылдата соққан жел де жоқ. Жай ғана ескен желдің өзі сонау алыстағы мотор дауысын дәл жанымыздағыдай естірттіп тұр. Кейде шырқай салған бір келкі ән мотор дауысына қосылып, кең даланы жаңғыртып та қояды.

Жолдасымның бүгін осы өңірде зябь жыртуға тиіс еді дегенінше болған жоқ, қарсы алдымыздан прожектордың жарығындай жалт етіп, бір от көрінді. Ол зябь алаңының арғы шетіне жетіп, енді кері қайтқан трактордың жарығы екен. Әлгі естілген мотор дауысы осы трактордікі, ал, ән трактордың қалтқысыз жұмыс істегенінен көңілді жүрген тракторшынікі болып шықты.

Трактор бізге жақындап та қалды. Ол қара жердің қыртысын еркін қопарып, таспадай тіліп, аударып тастап келе жатыр. Кең алқаптың көп жеріне трактор шамының жарығы түсе тұрса да, айналамызға қарасақ төңкеріліп жатқан жер қыртысынан басқа ештеңе көрінбейді. 20—22 сантиметрдей тереңдігі бар, бұйра-бұйра болып жатқан қара мақпалдай бұл қыртыстың ол шеті мен бұл шетіне көз жетпейді.

Бір кезде трактор осы қара мақпалдың

ғы бірнеше гектар зябь жыртпақ. Сөйтіп, съезді лайықты табыспен қарсы алу жолындағы күреске, коммунизмнің сәулетті сарайын салу жолындағы бүкілхалықтық қозғалысқа өз үлесін қоспақ. Барлық совет адамдарының ойлағанындай оның да ойлағаны осы.

\* \* \*

Таң шапағы жаңа ғана шашырап келеді. Дала қосының маңында су тасушыдан басқа ешкім жоқ.

Дала қосындамыз.

—Түн, сағат 5. Жұмысқа баратын уақыт болды, —деп Наумов көмекшісінің ұйығынан ақырын ғана қозғалып қояды.

Таң алдындағы ұйқы қандай төтті. Бірақ, көзіңгі жағдай көп ұйқыны көтермейді. Зябь жырту да—маусымды жұмыс. Көп және сапалы жыртылған зябь—келесі жылы мол егіннің негізі. Олай болса, зябь жыртушылар үшін көзіңгі уақыттың әрбір минуты қымбат.

Наумовтың көмекшісі ұйқыдан оянысымен тез киіне бастады. Көп ұзамай екеуі екінші учаскеке қарай жөнел берді.

—Әне, қара! Әлі тоқтаған жоқ, бөгелместен тартып барады.

—Оның жырттып жүргені кешегіден қал

—Ол маусымдық тапсырманы бұдан екі апта бұрын орындады.

—Үнемделген маймен ондаған гектар зябь жыртты.

—Трактордың техникалық күтімін өте жақсы жүргізді.

—Оның іс үлгісін көпшіліктің игілігіне айналдыруымыз керек, деседі дала қосындағылар.

Олар үгітшілер, қабырға газеті редколлегиясының мүшелері. Озат тракторшы Володин мен Наумовтың жұмыс әдісін талқылап, қорытып отыр. Ертең мұндай жәксы тәжірибені көпке ортақ ету үшін механизаторлар арасында үгіт жүргізбек.

Қабырға газеті көрнекті жерге ілінген. Бөзінде шығарылған газет өзінің мазмұны мен де, көркімен де көз тартады. Бұрынғысынша газеттің бұл санында да әр алуан мәселе қамтылған. Озаттардың іс үлгісі насихаттала, ал, артта қалғандардың кемшілігі батыл сыпала жазылған.

Володин және Наумов туралы жазылған мақала газеттен көрнекті орын алған. Онда былай делінген:

«ДТ—54» тракторында жұмыс істейтін тракторшы Володин жолдас маусым ішінде жұмсақ жерге айналдырғанда 1000 гектардан астам жер жырттып, 1400

Партияның XIX съезінің құрметіне еңбек вахтасына тұрған Мамлют асыл тұқымды мал совхозының коллективі бірқатар табыстарға жетті. Мол өнімнің негізі—зябь жырту ойдағыдай жүргізілді. Зябь жырту жөніндегі жоспар съезд күндерінде толық орындалды.

Совхозда 1650 гектар орнына, 1913 гектар зябь жыртылды. Совхоз мұндай табысқа П. Пекарский, Б. Мойсейтов, И. Гонта, Я. Вибс сияқты озат механизаторлардың қажырлы еңбегі арқасында жетті. Бұлар өздеріне тағайындалып берілген күнделік норманы үнемі артығымен орындап съезд құрметіне алған көтеріңкі міндеттемелерін аброймен жүзеге асыруға желісті.

Совхоз еңбекшілері партияның XIX съезінің қарарларын зор қуанышпен қарсы алды. Съезд қарарлары мен Сталин жолдастың съезде сөйлеген данышпаңдық сөзі мал өсірушілер мен егіншілер арасында жаңа еңбек өрлеуін туғызды.

Коллектив съезд материалдарын және көсемнің сөзін оқылысымен өндірісте бұрынғыдан да қарқынды еңбек етуге ұйғарып, нақтылы міндеттемелер алды. Осындай қуаныш үстінде совхоз механизаторлары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді қызу қолға алды. Бұл күндері олар күзгі-қысқы жөндеу жұмыстарына уақытпен санаспай еңбек етіп,

майды. Атап айтуымыз керек, облыс колхоздары мен совхоздарында үшжылдық агро-зоотехникалық оқудың жайы әлі өз дәрежесінде емес. Мұны өткен оқу жылының қорытындысынан айқын көруге болады. Бірқатар аудандарда ауыл шаруашылығы мамандарының өндірістен қол үзбей оқыйтын үшжылдық агро-зоотехникалық оқуы ойдағыдай ұйымдастырылмады. Курстардың көпшілігінде сабақ идеялық жағынан төмен дәрежеде өткізілді, арнаулы оқу программасы толық меңгерілмеді.

Мысалға Совет ауданын алайық. Өткен жылы бұл ауданда агро-зоотехникалық курстарда оқу өте кеш басталды. Оның үстіне агрономиялық және зоотехникалық топтар сабақ өткізушілермен жеткілікті

ауылдардың сабаққа үнемі қатынасуына отыруын бақылап отырулары керек. Быыл бірінші курстарда көптеген егіншілер мен мал өсірушілер оқыйды. Сондықтан агро-зоотехникалық курстарда бірінші жыл оқыйтындарға сабақтың мейлінше жоғары дәрежеде өткізілуін қамтамасыз етіп, оған үнемі бақылау жасап отыру қажет.

Агро-зоотехникалық курстарда сабақты үлгілі өткізіп, егіншілер мен мал өсірушілерге жүйелі білім беру, сөйтіп, олардың іскерлігі мен мамандығын арттыру, социалистік ауыл шаруашылығының мамандарын партияның XIX съезінің қарарларында көрсетілгендей, мол даярлау—жергілікті партия, совет ұйымдарының бүгін таңдағы аса маңызды міндеті.

## Рапорт берді

**ТЕМІРТАУ. (ҚазТАГ).** Қазақ металлургия зауыдының коллективі партияның XIX съезінің тарихи қарарлары мен Сталин жолдастың сөзін зор белсенділікпен оқып үйренуде. Бесінші бесжылдықта елімізді өркендетудің ұлы перспективаларымен рухтанған металлургтер Октябрьдің 35 жылдығы құрметіндегі стахановтық вахтаға тұрып, еңбекте жана табыстарға жетуде.

Прокат цехының коллективі онбір айлық программасын мерзімінен бұрын орындаған

дығы туралы рапорт берді. Кеше бұл цех декабрь айының есебіне алғашқы шпелон металл берді. Прокатшылар өнімнің әрбір тоннасының өзіндік бағасын жоспардағыдан 26 сом арзандатты. Олар жыл басынан бері цехтың он күн бойына үздіксіз жұмыс істеуіне жетерліктей көмір үнемдеді.

Еліміздің таңдаулы мастері Василий Коптелов бастаған бригада күн сайын жоспардан тыс ондаған тонна болат прокатын береді.

## Жергілікті өнеркәсіп қызметкерлерінің табыстары

**КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ).** Партияның XIX съезі құрметіндегі стахановтық вахтаға Көкшетау өнеркәсіп комбинатының коллективі зор табыстарға жетті. Комбинат өнім шығарудың 41 айлық жоспарын орындады. Ұста, мебель және балық аулау цехтары, кірпіш зауыты жылдық программасын толық орындады. Тігіншілер Нина Макеева, Анна Поминова, Майра Мұхамедиярова, кірпіш зауытының жұмысшысы Голицина тағы басқа онда-

ған жұмысшылар сменалық тапсырмаларын 150—170 проценттен орындайды.

Комбинат зор құрылыс жұмысын жүргізуде: механикаландырылған бығары зауыдының, шима фабрикасының қабырғаларын қалау аяқталып келеді. Тігін және мебель цехтарына арналып жаңа үй салынды.

Зеренді және Арықбалық өнеркәсіп комбинаттары жылдық жоспарларын орындады.

Совет ауданындағы «Аралаған» колхозының мүшелері жаңа табыстарға жігерлендіретін партияның XIX съезінің қарарлары мен кемеңгер көсеміміз Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжлісінде сөйлеген данышпандық сөзін асқан зор қуанышпен қарсы алды. Олар съезд қарарлары мен көсем сөзінің құрметіне зор жігермен табысты еңбек етіп, жоғары көрсеткіштерге жетуде.

Бұл күндері колхозды-деревняның егін даласында, мал фермаларында еңбек өрлеуі барған сайын кең өріс алып, табысқа табыс ұласуда. Колхозшылар съезд қарарларында көрсетілген міндеттерді мінсіз орындау жолындағы социалистік жарысқа ұштасып, мал қыстату, зябь жұрту сияқты ауылшаруашылық жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізуде.

—Партияның XIX съезінің жаңа бесжылдық жоспар жөніндегі директивалары. —дейді колхоздың таңдаулы шопаны Исин жолдас, сүйікті Отанымыздың экономикалық күш-қуатын онан әрі арттыра беруді, еңбекшілердің мәдени және тұрмыс дәрежесін үздіксіз жақсартып беруді көздейді. Мен қатардағы колхозшымын. Бейбіт еңбек майданында жаңа табыстарға жету—бүкіл еліміздің еңбекшілері сияқты менің де негізгі мақсатым. Быыл қарамағымдағы әрбір 100 саулықтан 103 қозы алып, оларды шығынсыз өсірдім. Алдағы уақытта да қажырлы еңбек етіп, қой өсіруде жоғары көрсеткіштерге жетемін.

Жалғыз Исин емес, басқа колхозшылар да съезд қарарларымен жігерленіп, өндірісте табысты еңбек етуде. Мәселен, Бенжебаева, Нұржанова сияқты колхозшы әйелдер сыйыр саууда қажырлы еңбек етіп, социалистік жарыста алған міндеттемелерін мінсіз орындауда. Колхозшылардың Октябрь революциясының 35 жылдық мерекесін лайықты өндірістік табыстармен қарсы алу жолындағы творчестволық жігері барған сайын күшейе түсуде.

**Ж. ҚАБДЫРАХМАНОВ.**


Совет Одағы Коммунистік партиясының таяуда болып өткен XIX съезінде талқылап бекітілген жаңа бесжылдық жоспарды «Қазақстанның 10 жылдығы» артелінің жұмысшы, қызметшілері зор өрлеумен қарсы алып, еңбек қарқынын есеппен арттыруда.

Артель коллективі бүкіл еліміздің еңбекшілері сияқты социалистік жарысқа қосылып, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды. 65 жастағы қарт шебер Петр Тимофеевич Мирошкин жолдас басқарған бригада айлық жоспарды мерзімінен он күн

бұрын орында сомның өнімі тын.

Олар өздері роймен орында өндірістік жо процент етіп 10 мың сом

Октябрь ре тына өндіріст лективі жоспа сомның өнімі



Партияның XIX съезінің құрметіндегі социалистік жарын баянды ете отырып, шағын двигательдер зауытының на жолдас Октябрь мерекесі қарсаңындағы күндерде жұме болуда. Ол күндік тапсырманы үнемі 265 процентте Суретте В. Малявкина жолдас жұмыс үстінде.

Суретті

## ИЯ ТҰРМЫСЫ

### не оның міндеті

ен инженерістік тап-а орындауға фактілерден қабдық де-амында 10-нің күнде-коммунистылығын арт-іл бөледі. ртиямыздың етін үйірме-қолдас наси-ұйымының коммунист-ілім беретін

үгітшілері өрнары бо-інің мате-зет оқый-ыяқты, жү-бекке ша-ар мен пла-ы ұйымдас-ы бос уа-ино карти-қырыштарда-ды, газет, кітаптарын

гізген сая-ң бәрі бір-ы кеңінен. Сонымен социалистік алыстарын-кен кемші-ларын бел-ндеу цехы жыйналы-барысы ту-оммунистер етін ашып, ұйымдасты-сетті.

мүлдем кеміді. Партия ұйымы таяудағы күндері партия жыйналысын шақырып, онда ақауға жол бермеу және сапалы өнім шығару жөнінде арнаулы мәселе талқыламақ.

Механикалық цехтың партия ұйымы өндіріске есеп-кыйсап картасын енгізудің, сапалы өнім шығару бригадаларын ұйымдастырудың инициаторы болып отыр. Технологиялық бөлімнің партия ұйымы инженер-техник қызметкерлер мен жұмысшылардың творчестволық байланыстарын күшейтіп, комплекст бригадалардың жұмыс істеуіне жетісу үшін күресуде.

Цех партия ұйымдары жұмыстарының нәтижелі болуы ең алдымен олардың секретарьларының партия жұмысының, демек бұқаралық жұмыстың түрлері мен әдістерін игере білуіне тікелей байланысты. Осыны еске алып, завод партия бюросы цех партия ұйымдарының секретарьларымен үнемі жұмыс істеп, олардың іскерлік қаблеттерін арттырып отырады. Секретарьлармен семинарлар, кеңестер өткізіліп, онда партиялық жұмыстың практикалық мәселелері талқыланады.

Мәселен, біз соңғы бір айда цех партия ұйымдары секретарьларымен өткізген кеңестерде партияның XIX съезіне әзірлік, сапалы өнім шығару жөнінде партия ұйымдарының роль деген тақырыпта мәселе талқылады. Өткен аптада цех партия ұйымдары секретарьларының кеңесінде, саяси және шаруашылық жұмыстарды қалай ұштастыра жүргізу керек және партияның XIX съезінің материалдарын бұқараға кеңінен түсіндіру жөніндегі цех партия ұйымдарының міндеттері туралы мәселелер талқыланды.

Бұл кеңесте цех партия ұйымдарының секретарьлары өзара пікір алысып, өздеріне түсініксіз мәселелерді шешті. Біз секретарьлардың семинарын, немесе кеңесін өткізу практикасын көп қолданамыз. Секретарьлармен күнделікті жұмыс

### Саяси-бұқаралық жұмыстың жайы туралы

Жуырда Соколов аудандық партия комитетінің бюросы өзінің мәжілісінде Буденный атындағы және «Путь коммунизма» колхоздарындағы саяси-бұқаралық жұмыстың жайы туралы мәселе қарап, аталған колхоздарда жұмыстың бұл учас-тегінде басшылықтың жеткіліксіз екенді-гін атап көрсетті.

Бұл колхоздарда үгітшілер тобы, формалды түрде ғана есептеліп, колхозшы-лар арасында жұмысты жеткіліксіз жүргі-зеді. Бастауыш партия ұйымдарының бас-шылығы мен бақылауының жеткіліксіз болуы салдарынан көрсеткіш тақталары-нда социалистік жарыстың барысы жария-ланбайды. Қабырға газеттері мен жауын-герлік листоктер оқта- текте ғана шыға-рылады.

Буденный атындағы және «Путь коммунизма» колхоздары партия ұйымдары-ның секретарьлары Ягодин мен Боев жо-лдас-тар үгітшілердің кеңесін өткізіп, олар-ға саяси-бұқаралық жұмыстың міндетте-рі мен түрлері жөнінде түсінік-нұсқау беруден көптен бері қол үзген.

Бюро мәжілісі саяси-бұқаралық жұмыс-ты жеткіліксіз ұйымдастырғаны үшін Ягодин және Боев жолдастарға қатты ес-кертті, олардан идеологиялық жұмыстың бұл учас-тегін ойдағыдай ұйымдастыруды талап етті.

Сонымен бірге, бюро мәжілісі жоғарыда көрсетілген колхоздарда саяси-бұқаралық жұмыстың жайын жақсарту жөнінде нақ-тылы шаралар белгілеп, қаулы алды. Буденный атындағы және «Путь комму-низма» колхоздары партия ұйымдарына практикалық көмек көрсету үшін аудан-дық партия комитеті өзінің насихат және үгіт бөлімінің қызметкерлерін жіберді.

### Көрнекі үгіт

Преснов ауданының бірқатар колхозда-ры мен совхоздарында, МТС-тері мен

## Қой шаруашылығы—мал шаруашылығының негізгі саласы

Қой шаруашылығы —мал шаруашылы-ғының негізгі саласы. Біздің облысымыз-дың колхоздары мен совхоздарында бия-зы жүнді қой шаруашылығын жедел қар-қынмен өркендетуге қажетті жағдайдың бәрі бар. Партиямыз бен үкметіміздің қо-ғамдық қой басын өсіріп, оның өнімділі-гін арттыру жөніндегі нұсқауларын оры-дай отырып, облысымыздың колхоздары соңғы жылдары қой шаруашылығын өр-кендетуде бірқатар табыстарға жетті. Мы-салы, 1951 жылы облыс колхоздарында қой саны 31,1 процент көбейді. Қой жү-нін дайындау жөнінде де кейбір табыс-тарға қол жетті.

Қой шаруашылығын өркендетуде Преш-нім, Полудень және Преснов аудандары-ның колхоздары айтарлықтай табыстарға ие болды. Прешнім ауданының колхоздары қой шаруашылығын өркендетудің үшжыл-дық жоспарын 113,7 процент орындады. Ал, аудан колхоздары өткен жылы әрбір 100 саулықтан 100 қозы алып, оларды шығынсыз өсірді. Полудень ауданында қой өсірудің үшжылдық жоспары 115,5 процент орындалды. Бұл ауданның кол-хоздарында былтыр қой саны 35,3 про-цент көбейді.

Жекелеген колхоздар да қой өсіруде күр-делі табыстарға жетуде. Мәселен, өткен жылы Бонюхов ауданындағы «Красная крепость» колхозында қой саны 77,9 про-цент көбейтілді. Әрбір қойдан 3 килограм-ға жуық жүн қырқылды. Колхоз қой жүні-нен 100 мың сомға жуық пайда тапты. Мұнда былтырғы жылы әрбір 100 саулық-тан 116 қозы алынды.

Алдыңғы қатарлы колхоздар қой шар-уашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруда бийыл да бірқатар табыстарға жетіп отыр. Совет ауданындағы Кагане-вич атындағы колхозда қой өсірудің жыл-дық жоспары кәзірдің өзінде 112,6 про-цент орындалды. Колхоз шопандары бы-йыл әрбір 100 саулықтан 141 қозы

қой басы екі есе арттырылуға, одан жүн кәзіргіден 2,2 есе көп алынуға тиіс.

Қой шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру міндетінің ойдағыдай шешілуі тұрақты жемшөп қорын жасауға, сөйтіп, қойды қыстан аман алып шығуға байланысты. Мұнымен бірге, әрбір ферма-да қой жылы қоралармен жеткілікті қам-тамасыз етіліп, зоотехникалық-малдәрігер-лік күтім негізінен жақсартылу қажет. Осы шарттар жүзеге асырылған жағдайда ғана қой өсіруде айтарлықтай табыстарға жетуге болады. Колхоз басшылары мен ферма меңгерушілері мұны жете ескеріп, қойдың әрқашан жақсы күтімде ұсталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мал шаруашылығындағы жауапты кә-зең—қыс жақындап қалды. Сондықтан әрбір қой фермасы қысты үлгілі әзірлік-пен қарсы алуға тиіс. Қыстың алғашқы күнінен бастап, қой құнарлы жемшөппен азықтандырылуы, оның үнемі жылы қора-да бағылып күтілуі қажет. Қойға шөп арнаулы норма бойынша уақытылы беріле-тін болсын. Бұл үшін қойдың қыстық жемшөбін осы күннен ферма жанына та-сып алу керек. Тек осы арқылы ғана қой-ды мезгілінде азықтандырып, жақсы күтім-де ұстауға болады. Осы сыяқты қойдың қыстан шығынсыз шығарылуы әресе, шо-пандарға байланысты. Сондықтан барлық қой фермалары тәжірибелі шопандармен жеткілікті қамтамасыз етілуі керек.

Қойдың қыста күйлі өсірілуі үшін оны суару ісін үлгілі ұйымдастырған жөн. Ферма жанынан шыңыраулы құдықтар қазу, бұрынғы құдықтарды дереу жөндеп, пайдалануға беру қажет. Қойды тек қана қармен суаруға үзілді-кесілді тыйым салы-нуға тиіс.

Жоғарыда айтылғандай, қойды жыл-ы қоралармен қамтамасыз ету—қой санын өсірудің шешуші шарты. Олай болса, қой қоралары мұқият жөндеуден өтіп, олар қойды қыста бағу алдында тазартылып, дәріленуге тиіс. Бұл қойдың азғы күйін

көрсетуде.

Комсомолецтер Ақметова, Алдабергенов

са, біздің табысымыз анағұрлым мол бо-  
лар еді. Бірақ амал не, Әбілтаев жолдас

жүр.

Комсомолец С. ХАМЗИН.

әзірленіп, оны қызықты өткізеді.

Б. КӘДІРОВА.

де қой шаруашы-  
лық өркендету міндеті  
бесжылдық ішінде

## Мәдени-ағарту мекемелерінің бүгін таңдағы басты міндеттері

Коммунистік партияның, сүйікті көсеміміз Сталин жолдастың басшылығымен коммунизмге қарай зор сеніммен алға басып бара жатқан совет халқына коммунистік тәрбие беруде мәдени-ағарту мекемелері аса зор және жауапты роль атқарады. Партиямыз бен үкметіміз еңбекшілердің материалдық әл-ауқат күйін онан әрі жақсартуға қажетті жағдайлардың бәрін туғызумен бірге, олардың мәдени және рухани тілегін тыңғылықты өтеуге үнемі зор көңіл бөліп, мәдени-ағарту мекемелерінің сегін көбейтуге қажеттілік жасап отырады.

Еңбекшілердің мәдени дәрежесін көтеруге деген сталиндік қажеттіліктің нәтижесінде социалистік ауыл-деревняның бейнесі мүлде өзгеріп, колхозшылардың әл-ауқат күйі жақсарды. Көзіміз бізде клубы немесе кітапханасы мен оқу үйі жоқ бірде-бір ауыл-село жоқ деуге болады.

Мысалға біздің облысымызды алайық. Көзіміз облысымызды қаланы қоспағанда мемлекеттік бюджетте тұратын 18 селолық клуб, 9 аудандық мәдениет үйі, 134 оқу үйі, аудандық 11 кітапхана, 3 балалар кітапханасы, селолық 37 кітапхана және әрбір колхозда дерлік клуб, оқу үйі, кітапхана немесе қызыл мүйіз, басқа да мәдениет орындары жұмыс істейді. Олардағы кітап қоры да жылдан-жылға артып келеді.

Бірқатар мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы идеялық жоғары дәрежеге қойылған. Бұл жөнінде Копылов ауданындағы коммунист Анна Морозникова жолдас басқарып отырған Чистяк селолық кітапханасының жұмысы басқаларға үлгі бола алады. Кітапхананың кітап қоры

2344 данаға жетті. Мұнда кітап оқушылар үшін барлық жағдай жасалған. Столда кітаптардың тізімі жазылып қойылған, марксизм-ленинизм классиктері мен сталиндік сыйлық лауреаттарының шығармаларынан көрме ұйымдастырылған. Кітапхананың 250 белсенді кітап оқушысы бар.

Село еңбекшілеріне саяси тәрбие беруде және кітапты насихаттау ісінде 6 адамнан құралған кітапхана Советі зор көмек көрсетіп отыр. Бұл Совет өзінің жұмысын партия ұйымында бекітілген жоспар бойынша жүргізеді.

Егін жыйнау науқаны кезінде кітапхана өзінің жұмысын дала және трактор бригадаларындағы мәдениет қостарына жүргізді. Кітапхананың жылжымалы 4 кітапханасы бар. Олар арқылы бригадалардағы кітап оқушыларға үнемі кітаптар жеткізіліп тұрады.

Оқу үйі активтері мен Совет мүшелері колхозшылар арасында еңбек озаттарының жұмыс тәжірибесін, советтік озат ғылымды кеңінен насихаттап отырады. Көзіміз олар село еңбекшілері арасында партияның XIX съезінің материалдарын түсіндіріп жүр. Мұнда көркемөнер дарындарының үйірмелері, әдебиет және басқа үйірмелер жұмыс істейді.

Бір сөзбен айтқанда бұл кітапхана өзінің жұмысын саяси шаруашылық жұмыстармен ұштастыра жүргізіп отырады.

Өзінің жұмысын село активтеріне сүйене жүргізіп, бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын бүгінгі талаптарға сай ұйымдастырып отырған бұл сыяқты ауыл-селолық мәдени-ағарту мекемелері аз емес.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар туралы директиваларында халықтың материалдық әл-ауқат күйін, ден саулығын сақтау және мәдени дәрежесін болып көрмеген дәрежеде өсіру қарастырылған. Бұл мақсаттарға жұмсалатын күрделі қаржы бесжылдық ішінде өткен бесжылдықпен салыстырғанда шамамен 50 процент артады болады.

Жаңа бесжылдықта кино және телевидение онан әрі өркендетіледі. Бесжылдық ішінде киноустановкаалардың саны, шамамен 25 процент көбейтіледі. 1955 жылы көпшілік кітапханалардың саны 1950 жылғымен салыстырғанда кемінде 30 процент, клубтардың саны 15 процент көбейтілмек.

Міне, жаңа бесжылдық жоспар бойынша қарастырылып отырған аса маңызды шараларды ойдағыдай жүзеге асыруда еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру сыяқты жауапты жұмыс жүктеліп отырған мәдениет майданының қызметкерлеріне де көп күш жұмсаулары керек болады.

Съезд қарарларымен жігерленген облысымыздың еңбекшілері барлық совет халқы сыяқты өзінің социалистік Отанының игілігі үшін бұрынғыдан да асқан жігермен қажырлы еңбек етуде. XIX партия съездерінің материалдарына, Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзін талқылап, колхозшылар мен жұмысшылар өздеріне жаңа ұлғайтылған міндеттемелер алуға.

Көзіміз ауыл-селодағы мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің алдына зор міндеттер қойылады. Ол съезд материа-

дарын ауыл-село еңбекшілеріне түсіндіруде жергілікті партия ұйымдарына көмектесу, мәдени-ағарту жұмыстарының дәрежесін көтеріп, колхозшылардың мәдени және рухани тілегін тыңғылықты өтеу болып саналады.

Бұл міндеттердің іс жүзінде орындалуы мәдени-ағарту мекемелерін қысқы маусымда жұмыс істеу үшін жақсы әзірлеуге байланысты болатындығы сөзсіз. Міне, сондықтан да жергілікті партия, совет ұйымдары мен аудандық мәдени-ағарту бөлімдерінің басшылары бұл мәселеге үстірт қарау сыяқты зиянды әдеттен дереу арылып, қысқа әзірлік ісінде мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлеріне тиісті көмек көрсетулері қажет.

Облысымыздың бірқатар мәдени-ағарту мекемелері қысқы маусымда жұмыс істеуге деркесінде айтарлықтай жақсы әзірленді. Жергілікті партия совет ұйымдары мен колхоз басшылары тарапынан мәдени-ағарту жұмыстарына жеткілікті мән берілген жерлерде қысқы маусымға әзірлік жұмыстары тыңғылықты жүргізілді.

Мәселен, Преснов, Полудень және Октябрь аудандарының партия, совет ұйымдары бұл мәселеге деркесінде жете көңіл бөлді. Соның нәтижесінде аталған аудандарда ауыл-селолық және колхоз клубтарының көпшілігі сапалы жөнделіп, колхозды ауыл-деревнядағы шын мәніндегі мәдениет орталығына айналдырылды.

Үстіміздегі жылы облысымыздағы мәдени-ағарту мекемелерін жабайы және күрделі жөндеуден өткізу үшін мемлекет тарапынан 350 мың сом қаржы босатылды. Мұның өзі клубтар мен оқу үйлерін және кітапханаларды сапалы жөндеп, қысқы маусымда жұмыс істеуге әзірлікті деркесінде аяқтауға толық мүмкіндік берді.

Алайда, бірқатар аудандарда бөлінген қаржы орынды-орнына жұмсалмай, жөн-

деу жұмыстары ба-  
Мәдени-ағарту ме-  
сымда жұмыс істеу  
әсері, Ленин, Соко-  
Мамлют аудандары  
ғысыз болып отыр-  
дардың партия ком-  
Совет атқомдері та-  
ліктің қарқынын і-  
қандай нақтылы к-  
ді. Бұл аудандарда  
ағарту мекемелерін  
олар ауыл-селолық  
ріс үйлеріне орнала-  
теген клубтар мен  
райы орнына пайда

Сапалы жөнделіп  
тірлімге және жы-  
ни-ағарту мекемесін  
сінде, бүгінгі талап  
мүмкін емес екені  
Алайда, көп жерлер  
барысы өте-мөте қ-  
ның басты себебі—  
мелерінің жұмысына  
веттер, партия, ком-  
ды басшылық жаса-  
дени-ағарту бөлімін  
мекемелеріне көрсеті-  
ғы жеткіліксіз. Обл-  
бөлімінің қызметкер-  
лерде болып, еңбек-  
дени-ағарту, саяси-  
тардың жайын жақ-  
кеңседе отырып, же-  
ліметтерді жыйнауға  
көзіміз қай жерде қы-  
тің барысы жақсы,  
мыстың олқылыққа  
ғанын да, бұл мақса-  
лардың қалай жұмса-  
нақты білмейді. Міне  
күнге кейбір мәдени-

## етел интервенттерінен 30 жылдығы

аудың сталиндік дауының тамаша жүзеге шығарылуы Шығыстағы жағдайды артты. Ленин—Сталин бұрынғы Қыбыр Шығыс қуатты қсзғалысының вардиялық террор да, ас құмарларының ин-тергері де тұншықтыра

ыыр Шығыстағы ірі шдың жазында Сучан талқандауымен баян-экспедиция корпусы-ырган партизандардың еттік Қыбыр Шығыс интервенттеріне қар на нағыз даңқты

2 жылдардағы бар-қ саясаты совет-жа-ге, Совет республика-не өзінің Тынық-тегі конкуренті — қалжыратуға бағыт-

қауін туды. Больше-салық Комитеті бұл-де ескертті. Орталық-ыыр Шығыс партия-ан телеграммасында Шығыс территория-дың онан әрі тары-і қауіпке айналып, ың РСФСР-ды ішін-ауын қайтадан бас-қтыймал.

шін партияның Оу-Шығысқа орталық-інің тобын жібер-сының шақыруы-стың қызыл полк-асақтармен толық-ындағы коммунист-йданға алынды. рнализмінің ак-

заводтарында жасалған қуатты машиналар-дың көбі Қыбыр Шығыстың ғасырлар-бойы менреу жатқан тайгасын оятты. Сталиндік бесжылдықтарда Қыбыр Шығыс-бұрынғы артта қалған, халқы аз шет ай-мақтан жан-жақты өркендеген қуатты өнеркәсіп пен гүлденген социалистік-ауыл шаруашылығының өлкесіне айнал-ды.

Станымыздың картасында соңғы 20-жылдың ішінде пайда болған жаңа қала-лар—Комсомольск, Советская гавань, Маг-дан, Биробиджан, Облучье—ірі индустрия-лық орталықтарға, социалистік мәдениет-тің маңызды ошақтарына айналды.

Гитлерлік Германия мен жапон империа-листерін талқандағаннан кейін Қыбыр Шығыс бұрынғысынан анағұрлым көрке-йіп, өркендеді. Өлкенің қалалары мен село-ларында соғыстан кейінгі дәуірде жаңа-құрылыстар салынып, колхоздардың егіс-даласы бұрынғыдан анағұрлым мол өнім-бере бастады, балық аулайтын тамаша ке-мелердің саны бұрынғыдан анағұрлым кө-бейіп, теңіздегі аса мол балықты аулауға-кірісуде.

Жапон империалистерінен азат етілген-Оңтүстік Сахалин мен Куриль аралдарында-шаруашылық, мәдениет, тұрмыс жаңа, советтік қалыпқа түсіріліп, тез қарқын-мен қайта құрылуда. Бұрынғы артта қал-ған отарлық шаруашылықтың орнына кө-зір советтің жетілген балық, ағаш және-кен өнеркәсібі орнады.

Гүлденіп отырған, советтік Қыбыр Шы-ғыс өте тамаша. Қуатты социалистік ин-дустрия оның мақтанышы мен даңқы бо-лып табылады. Өлкедегі заводтардың ішін-де бір жылда шығаратын өнімі бүкіл Қы-быр Шығыстың өнеркәсібі 1913 жылы шығарған жылдық өнімнен анағұрлым ар-татын кәсіпорындар бар. Соғыстан кейін-гі бесжылдықтың ішінде Хабаровск өлке-сінің өзінде ғана өнеркәсіптің жаңа сала-лары—тас көмір, үй құрылысы және бас-

## К. Маркс пен Ф. Энгел- шығармаларының жый- нағы

Мемлекеттік саяси әдебиет-Е. Маркс пен Ф. Энгельстің Анг-налған аса маңызды шығарма-Маркс —Энгельс — Ленин-і-әзірлеген жыйнағын басып шығ-шығармалар, делінген кітаптағы-сөзде, өткен ғасырдың орта шені-пталистік дүниеде өнеркәсіп өн-інде бірінші орын алған және-айтқандай, «капиталдың метро-болған Англияда марксизмнің не-лаушылардың орасан зор көңіл-ыспаттайды.

Жыйнақтың бірінші тарауында-тің «Англияда жұмысшы табын-деген шығармасы басылған, бұ-ма да Англияның бүкіл капитаа-темасын зор күшпен әшкерелеге-мұнда ғылыми коммунизмді жаса-роль атқарған маңызды теория-далар бар. Бұл еңбекте проле-бүкіл дүниежүзілік- тарихи ро-рет жарияланған болатын.

Жыйнақтың екінші тарауына-пен Энгельстің «Жаңа Рейн і-«Нью-Йорктың трибунасынан»-мен немістің жұмысшы және де-лық баспасөзінен алынған ма-енгізілген. Бұл мақалалар А-мемлекеттік құрылысы мен саяс-сының ерекшеліктерін, ағылшын-зиясының сыртқы және отаршыл-тын, ағылшын жұмысшы қозға-сыйпатын ашық бейнелеп бере-

Жыйнақтың үшінші тарауын-пен Энгельстің Англия туралы ж-шың жұмысшы қозғалысы турал-ры басылған.

Кітаптың тиражы 100 мың да-

**Якуб Коластын  
туғанына 70 жыл то-  
қарсаңында**

шығыстың халық шаруашылығын қатты күйзелтті. Бірақ АҚШ өзінің соғыс, саяси және экономикалық шабуылын қаншама кең көлемде өрістеткенімен, дүниежүзілік империализмге қарсы соғыста советтік Россия жеңіп шықты.

... металл, цемент, жабдық тиелген составтар Қызыр Шығысқа тоқтаусыз ағылып келіп жатты. Сол жаңа жарық цехтардың қасында тұрғын үйлердің кварталдары орнады, мектеп үйлері, мәдениет сарайлары қатарға қосылды. Мәскваның, Оралдың, Ленинградтың

мен жігерленген қыбыршығыстықтар жаңа бесжылдықты орындау үшін, Тынық мұхитта Отан туын, коммунизм туын бұрынығыдан да жоғары көтеру үшін өздерінің барлық күшін жұмсайды.

А. ТЕПАНОВ.

Кабаровск.

... 12—15 гектардан құнбағыс жыйнап, әрқайсысы 800 пұтқа дейін дән бастырады. Быйыл облыс колхоздарындағы барлық құнбағыс комбайндармен жыйналып, бағырылуда. Бұл жағдай құнбағыс жығынауды шапшаңдатып, құнбағыс ысырабын мүлде жоюға мүмкіндік беруде.

ды. Бұл жерг жылқы, үш

Комм  
ШЫМБЕНТ.  
комбинатында

## Облыстық ауылшаруашылық көрмесінде

# I. Егіншілік мәдениетін арттырудың сыйпаттамасы

Партиямыз бен үкметіміздің күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында біздің облысымыз еліміздің ең астықты аудандарының біріне айналуға. Егін шаруашылығы колхоз, совхоз өндірісінің жетекші саласы. Социалистік ауыл шаруашылығының еңбекшілері агрономиялық ғылым мен озағ текрибе табыстарын батыл қолданудың нәтижесінде дәнді дақылдардың шығымдылығын жылма-жыл арттырып келеді. Облысымыздың егіншілері соңғы жылдарда мемлекет алдындағы бірінші парыз — астық дайындау жоспарын мерзімінде және артығымен орындап шығуға жетісті.

Облыстық ауылшаруашылық көрмесінде егін шаруашылығындағы мұндай қол жеткен күрделі табыстар толық көрсетілген. Жұртшылық дәнді дақылдар қойылған навильонды қызыға көруде. Бұл навильонда дәнді дақылдардың, әсіресе, бидайдың, күздік бидайдың, сұлының, арпаның және басқа да дақылдардың бірнеше түрлері бар. Облыстың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары бұл дақылдардан жылма-жыл мол өнім алып, үздік табыстарға жеткен.

Міне, Сіздің алдыңызда «мильтурм—553» бидайы. Мұны Чистов астық совхозының егіншілері көрмеге әкелген. Совхоз егіншілері быйыл ауа райының қолайсыз болуына қарамастан, бұл бидай егілген 750 гектар алаңның әрбір гектарынан 16,2 центнер өнім алған.

Егіншілер мұндай табысқа қалай жетті? Олар көктемде «мультурм» бидайын

агротехникалық қолайлы мерзімде күні-бұрын әзірленген жерге сеipti. Бұл алаң суперфосфатпен мұқият өңделді. Ал, тұқымдық дән 5—6 сантиметр тереңдікке сіңірілді. Егіншілер егінге бүкіл жаз бойы жақсы күтім жасады, оны арам шөптен мезгіл-мезгіл тазартып отырды. Міне, осының нәтижесінде бітік егін өсірілді.

Приешім ауданындағы Қуйбышев атындағы колхоздың егіншілері көрмеге бидайдың үш сортын әкелген. Колхозшылар бидайдың бұл түрлерінен жылма-жыл мол өнім алуға. Быйыл колхоз көктемгі егіс жоспарын мерзімінде және артығымен орындап шыққан болатын. Бұл өз нәтижесін берген. Мұнда 896 гектар бидайдың әрбір гектарынан орта есеппен 16,2 центнер өнім жыйналған. Колхозшылар егін өнімін арттыруда мұндай жоғарғы көрсеткішке советтік озат агротехниканы қолдану арқасында ие болып отыр.

Соколов ауданындағы «Путь коммунизма» колхозының көрмеге әкелген «мильтурм—321» бидайы ерекше көз тарттады. Колхоздың № 2 егіс бригадасының мүшелері бұл бидай егілген 70 гектар алаңның әрбір гектарынан 19 центнерден өнім жыйнаған. Мұның бір құнарлық жері сол — бидайдың мұндай түрі ауыспалы егіс орналасқан алаңға себілген. Бригада мүшелері егінді жаз бойы баштап күтіп бітік егін өсірген.

Облыстық ауылшаруашылық көрмесіне әрбір колхоз өз табыстарын әкелген. Озат

колхоздар жалғыз бидай емес, басқа дақылдар бойынша да бітік егін өсіріп, мол өнім алған. Приешім және Октябрь аудандарының колхоздары көрмеге сұлы, қара бидай, арпа сыяқты дақылдардың шығымдылығын еселеп арттырып келген. Мұның өзі облыс колхоздары мен совхоздарында жер шаруашылығының мәдениеті көтеріліп, дәнді дақылдардың шығымдылығының жылма-жыл арттырылып келе жатқанын сыйпаттайды. Дәнді дақылдар өнімінің арттырылуы — колхоз, совхоз егіншілерінің, МТС механизаторларының қажырлы еңбегінің нәтижесі. Облыс еңбекшілері дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 12 центнерден 20 центнерге дейін өнім алса, мұндай жоғары өнімге егіс бригадалары мен трактор бригадаларының табысты еңбегісіз қолжету тіпті мүмкін емес.

Колхоздар огород-бақша жемістерін өсіруде де бірқатар табыстарға жетті. Колхозшылар шаруашылықтың мұндай маңызды саласын ойдағыдай меңгеріп келеді. Олар огород-бақша жемістерін жылма-жыл кең көлемде отырғызып, оны баштап күтуді жақсартып мол өнім алуға. Мұның есебінен олар туған колхоздарының қоғамдық дәулетін арттыруда, өздерінің тұрмыс дәрежесін жақсартуда.

Көптеген колхоздар қарбыз, капуста, картоп, помидор, қыяр сыяқты огород-бақша жемістерін көптеп егіп, оның өнімін арттырғандығы көрмеде айқын бейнеленген.

Петропавл ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы капуста өсіруде үздік табыстарға жеткен. Колхоз быйылғы жылы 10 гектар жерге капуста өскен. Капуста 22 сантиметр тереңдікке отырғызылған. Колхозшылар капуста өсірудің агротехникалық шараларын ойдағыдай

қолданды. Капустаны мезгілінде баштап күтіп отырды. Капустадан быйыл бұрын соңды болмаған мол өнім алынды. 10 гектар капуста егілген алаңның әрбір гектарынан 120 центнер өнім жыйналды. Осы сыяқты капустадан Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоз да мол өнім жыйнауда. Бұл екі колхоз капустаның өзінен ғана мыңдаған сом пайда тапқан.

Ленин ауданындағы «Советский» колхозының мүшелері қарбыздан көп кіріс алуға. Осы колхоздың Б. Щербаков жолдас басқарған бригаданың мүшелері быйыл жемістің аталған түрінен көп өнім жыйнаған. Огород-бақша экспонаттарындағы бұл колхоздың қарбыз өсірудегі қол жеткен табысына жұртшылық сүйсіне қарауда.

Облыстық ауылшаруашылық көрмесіндегі огород-бақша жемістерінің экспонаттары капуста, қарбыз, помидор, картоп, құнбағыс, сыяқты жемістердің колхоз өндірісінен барған сайын кең өріс алып отырғандығын дәлелдейді. Огород-бақша шаруашылығы, әсіресе, Петропавл және Полудень аудандарының колхоздарында ойдағыдай өркендеп келеді. Мәселен, Полудень ауданындағы Сталин атындағы колхоздың огород-бригадасының бригадирі М. Охриженко жолдас быйыл помидордың әрбір гектарынан 100 центнердей өнім алған. Осы колхоздың Вороненко жолдас басқарған огород-бақша звеносы советтік агротехниканы батыл қолданып отырып, қыярдың шығымдылығын жылма-жыл арттыруда. Быйыл бұл звено қыярдан мол өнім алды. Екі гектар қыяр егілген алаңнан 145 центнер өнім жыйналған. Ал, колхоз қыяр есебінен мол кіріс тапқан.

Октябрь аудан колхоздың өзін және басқа жұрт көрсетілгендей, жемістен мол келеді.

Колхозда жеруге, олардан Трофим Макаров еңбек сіңіруде.

Жеміс-жидек өсі шебер қолдану үздік табыстары облысымызда О. Чапаев атындағы ағаштарын өсіру табыстары басқатіс. Олар көрме ауысып, жеміс-кең көлемде жү

Облыстық аудан дегі егін п көрсеткіштер к тің мәдениетін ді дақылдарды дақылдардың арттырып келе жеткен табысқа Сондықтан облыс шылығының еңб сьезінің бесжыл директиваларында ді, әсіресе, дәнді дғын онан әрі арт жүзеге асыру жо жұмырлы еңбек еті туге міндетті.

## лықтық - демократия елдерінде

### Болгарияның ауыл шаруашылығы үшін адрлар даярлау

1. 23 октябрь. (СОТА). Халық Болгарияның ауыл шаруашылығы-сандар жөніндегі өсіп отырған іні қанағаттандыруға үлкен ік жасауда. 1948 жылы София ітетінің ауылшаруашылық факультров атындағы Ауылшаруашы-демиясына айналдырылған болар Академияның 4 факультетінде деңіт оқыйды. Академия маман-луан түрлерін: жалпы агроно-ация, тұқым өсіру, механизатор-ыл дәрігерлерін, зоотехниктерді, ылысының мамандарын, мелио-л және басқаларын даярлауда.

1952 жылы Академияны ауыл ығының 524 маманы бітіріп бул 1939—1940 жылмен са-да 5 есе артық. 1950 жылы а екінші жоғарғы дәрежелі ашылық оқу орны —Василь Ко-анда Пловдивте ауылшаруашы-тутуты ашылған болатын.

яның жоғарғы дәрежелі ауыл-ық оқу орындарының оқу про-ында озат совет ауылшаруашы-амының соңғы табыстары кеңі-алған.

### Октябрь құрметіне ыныядағы еңбек вахтасы

РЕСТ, 23 октябрь. (СОТА). Ру-ц өнеркәсібінің барлық тараула-ы Октябрь социалистік револю-а 35 жылдығы құрметіндегі ік жарыс кеңінен өріс алууда.

## Кореядағы оқығалар

### Халық Армиясы Бас Командованиесінің хабары

ПХЕНЬЯН, 23 октябрь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 23 октябрь күні былай деп хабарлады:

Өткен күні Корея Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктіле-рінің бөлімдері шығыс майданның жеке-

леген участоктерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді.

Басқа майдандарда ерекше өзгеріс бол-ған жоқ.

Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атқыштар отрядтары дүшпанның 3 самолетін атып түсіріп, 1 самолетін зияндады.

### Американ авиациясы Солтүстік Кореяның бейбіт қалалары мен селоларын аяандықпен бомбалауды күшейтуде

ПХЕНЬЯН, 22 октябрь. (СОТА). 21 октябрьден 22 октябріне қараған түнде американ авиациясы Пхеньяның төңре-гін, сол сияқты Тэдон уезінің елді пункттерін бомбалауға ұшыратты. Осы шабуылдың нәтижесінде бейбіт халықтың арасынан қазаға ұшырағандар және жара-ланғандар болды.

Солтүстік Кореяның қалалары мен се-лоларына американ авиациясы күн са-йын тағылықпен шабуыл жасауда. Ко-реяның Орталық Телеграф агенттігі Ко-рей Халық-Демократиялық Республикасы-ның қалалары мен селоларына американ самолеттерінің шабуылды күшейтін отыр-ғандығын көрсете келіп, былай деп ха-барлайды: Паньмыньчжоньда келісім ту-ралы келіссөзді белгісіз уақытқа үзгенді-гін жариялап, корей халқын тізе бүктіру мақсатымен оған соғыс қысымы деп ата-латынды күшейте отырып, американ ин-тервенттері бейбіт халыққа қарсы бакте-риологиялық құрал мен напалм және хи-миялық бомбаларды қолдануда. Интер-венттер Солтүстік Кореяның қалалары мен селоларын үздіксіз бомбалауға ұшы-ратып, бейбіт адамдарды өлтіруде. Алын-ған мәліметтерге қарағанда, 28 сентябрь-де американ бомбардировщиктері Тяган провинциясының Хичжонь уезіндегі Бук болысының селоларына 50 деп астам ірі бомбалар тастаған.

1 октябрь күні 30 «ұшқыш камал» 3 сағат бойына Солтүстік Пхеньян провин-циясындағы Чхонсу болысының елді

ұшырап, көптеген шаруалардың үйлері мен жер үйлері өртелген және қыйратыл-ған. Сол күні американ самолеттері Хван-хэ провинциясының Маэ ауданына ша-буыл жасап, осы шабуылдың нәтижесін-де далада жұмыс істеп жүрген 40 тан ас-там шаруа қазаға ұшырап, көп егін жо-йылған.

4 октябрь күні күндіз 16 американ самолеті Хванхэ провинциясының Чхонь болысындағы елді пункттерді айуандық-пен бомбалап және оларға оқ жаудырып, егін жыйнау мен астық бастыруда жұмыс істеп жүрген көптеген шаруаларды қаза-ға ұшыратқан және жаралаған.

9 октябрьде американ самолеттері Пхеньянға және оның төңірегіне шабуыл жасап, осының салдарынан көптеген бейбіт адамдар өлген және жараланған. 10 октябрьге қараған түні американ са-молеттері осы аудандарды екінші рет бомбалады. 12 октябрь күні түнде амери-кан самолеттері Солтүстік Пхеньян про-винциясындағы Чхам болысының елді пункттерін бомбалады.

16 октябрьге қараған түні американ авиациясы Оңтүстік Пхеньян провинция-сындағы Тэдон уезінің Пусан болысының деревняларын бомбалауға ұшыратқан. 16 октябрь күні күндіз Оңтүстік Пхеньян провинциясындағы Чжасан болысының астық бастыруда жүрген шаруаларын бомбалаған және атқылаған. Осының сал-дарынан көптеген бейбіт адамдар қазаға

### Франциядағы полицейлік жазалау шараларына қарсы наразылық білдіру жөніндегі халық қозғалысы

ПАРИЖ, 23 октябрь. (СОТА). «Юмани-те» газеті үкметтің жазалау шараларына қарсы наразылық білдіру жөніндегі ха-лық қозғалысының кеңінен өрістегендігін сыпаттайтын жаңа фактылар келтіруде. Франция еңбекшілері барлық жерде Ален Ле Леан пен Францияның республикашыл жастар одағының төрт басшысын тұт-қыннан босатуды талап етіп, уақытша жұмысты тоқтатуда.

Демократияшыл ұйымдар мен олардың басшыларына қарсы бағытталған қудалау шараларына қарсы демократиялық бос-тандық салтанатының Алжир партиясы-ның Париждағы тұрақты делегациясы «Форс—увриер» біріккен кәсіподақтары-ның өкімшілік комиссиясы, Савойя депар-таментіндегі МРП партиясынан сайлан-ған республика Советінің мүшелері Рюэн және Клерк, сол сияқты, бірнеше қала-лардың басшылары батыл түрде наразы-лық білдіруде.

Патриоттарды тұтқыннан босату күре-сіне Францияның демократияшыл жас-тары да белсене қатысуда. Кеше кешке Париждың қысқы велодромында Ален Ле Леан пен Ги Дюколонені, Лоран, Байо және Меньені тұтқыннан босату жөнінде-гі күресті күшейту ұранымен Париж ең-бекшілерінің жаппай митингісі болды. Париж еңбекшілерінің митингісі үкметтің жазалау шараларын тоқтату үшін, комму-нист депутаттардың ешкім тимейтін пар-ламенттік мандаттарын құрметтеу, бейбіт-шілік пен бостандықты, Францияның ұлттық тәуелсіздігін сақтау ұранымен өтті.

Митингіде сөйлеген Франция комму-нист партиясы Орталық Комитетінің сек-ретары Жак Дюкло демократияшыл ұйым-дардың басшыларына қарсы бағытталған жазалау шаралары Пинэйдің кәзіргі үк-метінің әлсіз екендігін, оның халықтан қол үзгендігін, оның себебі ұлт апатына әкеліп соғатын соғысқа әзірлік саясаты-ның нәтижесі екендігін атап көрсетті.

Адамдарды жаппай тұтқындау жолы-мен билеуші топтар ұлттық мүдделерге

### Үлгілі оқу үйі

Пресов ауданындағы Айымжан ауылдық Советінің жанындағы оқу үйі еңбекшілердің өскелең тілектеріне сай жұмыс істеуде.

Оқу үйінің қасынан лекторлар тобы құрылған. Олар колхозшылар арасында партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларын кеңінен оқып түсіндіруде.

Оқу үйінде өткен жылға қарағанда былай кітаптар саны 1500 данаға дейін көбейді, сөйтіп, жаңа кітаптармен толықтырылды. Кітап қорының көбеюіне байланысты кітап оқушылардың саны артты. Ауыл интеллигенттері, колхозшылар, оқушылар үйлеріне кітап алып оқып отырады.

Мысалға соңғы екі ай ішінде Айымжан ауылдық Советінің секретары Ш. Қуандықов жолдас Бабаевскийдің «Алтын жұлдызды жігіт», Сәбит Мұқановтың «Сырдария», Ғ. Мұстафиннің «Шығанақ» атты романдарын, тракторшы Ғ. Мырзақанов М. Әуезовтың «Абай» романын, мұғалім 3. Сатива, Ж. Байсариналар Лев Тол-

стойдың «Соғыс және бейбітшілік» атты романын және Пушкиннің, Чернышевскийдің, Гогольдің, Фадеевтің бірқатар шығармаларын оқып шыққан.

Кешке колхозшылар оқу үйіне келіп радиодан еліміздегі болып жатқан жаңалықтарды және түрлі ән-күйлерді естіп, газет, журналдар оқыйды.

Оқу үйінің іші кең, жарық, қабырғаларға ілінген көсемдердің портреттері, түрлі түсті бояумен жазылған ұрандар, коммунизмнің ұлы құрылыстарын бейнелейтін плакаттар, шкафтарға жыйналып қойылған кітап, журналдар ерекше көз тартады. Оқу үйі қысқа отынмен, жарықпен қамтамасыз етілген. Оқу үйінің меңгерушісі, комсомол мүшесі Р. Рабдуллина жолдас оқушылармен жиі әңгіме өткізіп тұрады.

Оқу үйінің жанындағы драма үйірмесі кәзір Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдық мерекесі күніне арнап Ә. Сәрсенбаевтың «Жеңіс туы» атты бір актылы музыкалы инициативпрокасын және концерт әзірлеуде.

Қ. ТЫРҚАЕВ.

### ЖАҢА КІТАПТАР

«Казкипторг» мағазиніне жуырда баспадан шыққан қазақ тіліндегі мынадай кітаптар түсті:

**БК(б)П тарихы неге үйретеді.** Жыйнақ. Қазақтың мемлекеттік баспасы, 1952 жыл 15.000 дана, 168 бет, бағасы 3 сом 10 тыйын.

**Саяси ментепте сабақ өткізудің методикасы.** Қазақтың мемлекеттік баспасы, 6.000 дана, 281 бет, бағасы 5 сом.

**Бастауыш саяси үйірмедегі насихатшылардың тәжірибесі.** Қазақтың мемлекеттік

баспасы, 1952 жыл, 10.000 дана, 130 бет, бағасы 1 сом.

**Жер шаруашылығының негіздері.** Агрозоотехникалық курстарда бірінші жыл оқыйтындар үшін кітап. Қазақтың мемлекеттік баспасы, 1952 жыл, 25.000 дана, 387 бет, бағасы 6 сом 30 тыйын.

**Дәнді, дәнді бұршақты және майлы дақылдар.** Агрозоотехникалық курстарда екінші жыл оқыйтындар үшін оқу кітабы. Қазақтың мемлекеттік баспасы, 1952 жыл, 15.000 дана, 262 бет, бағасы 4 сом 60 тыйын.

рінде мұнайшы жұмысшылардың жыйналысы болып, барлық елдердің бейбітшілік ті қорғау жөніндегі ұлттық комитеттеріне жазған Жолио Бюрдің хаты талқыланды. Бейбітшілікті қорғаудың жергілікті комитеттері қайтадан сайланып, аудандық конференцияға делегаттар сайланды. Мұндай жыйналыстар жүздеген жұмысшылар поселкелері мен селоларда болып өтті.

Бейбітшілікті қорғаудың аудандық комитеттері бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің соңғы сессиясының қарарларын және бейбітшілікті қорғаудың Бүкіләлемдік комитетінің қарарларын талқылауға арналған 1200-ден астам жыйналыстар өткізді.

### Польша мен Германия арасындағы мемлекеттік шекараның демаркациялық линиясын аяқтау туралы актыны ратификациялау жөнінде грамоталар алысу

ВАРШАВА, 23 октябрь. (СОТА). Польшаның баспасөз агенттігінің хабарына қарағанда, 22 октябрьде Польша Халық Республикасының Сыртқы Істер министрінің орынбасары С. Вербловский және Варшавадағы Герман Демократиялық Республикасының дипломатиялық миссиясының басшысы Э. Кундерман 1951 жылы 27 январьда қол қойылған Польша мен Германия арасындағы мемлекеттік шекараның демаркациялық линиясын аяқтау туралы актыны ратификациялау жөнінде өзара грамоталар алысты.

Ратификациялық грамоталарды алысқан кезде С. Вербловский және Э. Кундерман сөз сөйледі.

мізді соғысқа қиліктірген кезде, жалғыз коммунист партиясы ғана соғыс шуылының күшейгеніне және оған қарсы қолданылған қатал құдалауға қарамастан америка халқының тілектеріне қайшы келетін Кореядағы соғыстың реакцияшыл соғыс екендігін батыл түрде әйгіледі. Бүгін осы позицияның дұрыс екендігіне өмір тәжірибесі арқылы көзі жеткен халықтың басым көпшілігі осы дұрыс позицияны қолдап, Кореядағы соғыстың мүлдем керексіз екендігімен келісіп отыр және Кореядағы соғыстың біздің ұлттық әлауқат тұрмысымызға және бүкіл дүниежүзідегі бейбітшілік ісіне хауіп төндіріп отырғандығына түсінулі.

Кореядағы соғысты дереу тоқтатуды көздеп отырған біздің партиямыздың кәзіргі саясаты осы қылмыстық соғыс басталған кезде қандай батыл жүргізілген

### француз өкмет орындарының Алжир жазалау әрекеттері

ПАРИЖ, 23 октябрь. (СОТА). «Юманите» газеті Францияның отарлаушы өкмет орындарының Мемур-Алжир қаласының тұрғын адамдарына қарсы жаңадан жазалау әрекеттерін жүргізгендігін хабарлайды.

21 октябрь күні осы қаланың мыңға жуық тұрғын адамдары полицейлік комиссариат үйінің жанына жыйналып, полиция заңсыз тұтқынға алған 1 сауда

### ДАНИЯНЫҢ СОҒЫС ӨКМЕТ ОРЫНДАРЫ УЛАНДЫРҒЫШ 3.

КОПЕНГАГЕН, 23 октябрь. (СОТА). «Сосиал-демократен» газетінің Нествед қаласынан берген хабарына қарағанда, кеше жергілікті полигонда әскери бөлімдердің соғыс өтерін байқау кезінде Данияның өз өндірісінде шығарылған күшті уландырғыш зат—фосгенмен оқталған түтін бомбалары қолданылған. Газбен

воларын батыл т Біздің партиямыз америка халқының правосын жақтап, социализм, демокү күштерімен туыс жасау жөніндегі воларын ақырына ды. Біздің парти жұмыс істеуі үшін Тафта Хартлидің рресетін болады. І қылау жөніндегі шыл қарарына партиясы біздің орындары алдында табиының, негр хатың қалың бұқарның дұрыстығын

қызметкерін тұтқ еткен. Полицейл соқтығысып, олар ған. Полицейліктің ның арасында бө тижесінде екі жа жараланған.

Газет сол сыяп жирде көптеген хабарлайды.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және аумқарушылық бөлімдері — 2-38, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табыс